

Шектеу іс-шараларын алу және Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысы Темір аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 16 ақпанда № 3-10-175 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 2 қазандағы № 14-01/241 ұсынысына сәйкес, Қайыңды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қайыңды ауылдық округінің Трасс қыстағындағы "Расбек" шаруа қожалығы аумағында қой және ешкі малдарының арасынан бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс – шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс – шаралары алынсын.

2. Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 6 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4979 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 шілдедегі "Темір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қайыңды ауылдық округінің әкімі

А. Суиндыков